

# «ӘЛЕМНІҢ ТАҢҒАЖАЙЫП 10 КІТАПХАНАСЫ»

Орындаған: Зият Айша.  
Тобы: Деф 15-5

## Швейцариядағы Сен-Галль аббаттығының кітапханасы



Ортағасырлық кітаптарға ең бай кітапхана. 2005 жылы жүргізілген санақ бойынша мұнда 160000 кітап бар. Оның 2100-і қолжазба. Мұндағы төрт жүзге жуық кітаптардың жазылғанына мың жылдан көп болған.



## Дублиннің Тринити-колледжінің кітапханасы



**Ирландиядағы ең үлкен ғылыми кітапхана. Мұнда 5000000 кітап бар, соның ішінде манускрипт, карта және ноталарда қамтылған.**

## Прага қаласында орналасқан Страговск монастырінің кітапханасы.



Монастырьдің негізі 1149-жылы қаланған. Мұндағы ең көне кітаптар XII ғасырға жатқызылады. Бүгінгі күні кітапхана мұрағатында 130000 кітап, 1500 мерзімді баспасөз, 2500 қолжазба және бірнеше мың графикалық жазбалар сақталған.



**Джей Уокер — америкалық ойлаптапқыш әрі кәсіпкер.**



**Priceline.com** сайтының негізін салушы. Оның Риджфилдегі үйі адамзат тарихындағы ең үлкен көпдеңгейлі лабиринт тәрізді құрылған кітапхана. Онда 50000 кітап және музейлік деңгейдегі артефакттар бар.



## **Йель университетінің сирек кездесетін кітаптар мен көне қолжазбалар кітапханасы.**



**Оның негізі 1963-жылы қаланған. Бұл сирек кітаптар мен манускриптерді сақтауға арналған әлемдегі ең үлкен кітапхана. Мұнда бүгінде 11 миллион кітап бар, соның ішінде Гутенберг Библиясының 48 данасы сақталған.**

# Сиэтл кітапханасы



**АҚШ-тың солтүстік-шығысындағы Сиэтл қаласының орталығында орналасқан. Бұл әйнек пен болаттан жасалған әсем ғимараттың негізі 2004-жылы тұрғызылған. Мұнда 1,45 миллион кітап сыйады.**



## Гейзель атындағы кітапхана.



Сан-Диегодағы Калифорния университетінің басты кітапханалық ғимараты. Кітапхана сегіз қабаттан тұрады, биіктігі 33,5 м. Аты атақты америкалық балалар жазушысы әрі мультипликатор Теодор Сьюз Гейзельдің құрметіне қойылған.



**Голландиядағы Делфт технологиялық университетінің кітапханасы.**



**Ол 1997-жылы Месапоо архитектуралық студиясының жобасы бойынша салынған. Бұл кітапхана шатыры үлкен конуспен аяқталатын ерекше үлгідегі әлемдегі бірден-бір ғимарат.**

## **Хосе Васконселос атындағы кітапхана.**




**Мексиканың астанасы Мехиконың орталығында орналасқан бұл кітапхана 2006-жылы ашылған. Кітапхана 1922-1924 жылдары Мексиканың білім министрі болған жазушы әрі пәлсапашы, мемлекет қайраткері Хосе Васконселостың есімімен аталады. Ол XX ғасырда Латын Америка философиясының дамуына зор үлесін қосқан тұлға.**



## Британ музейінің оқырман залы — Ұлыбританиядағы ең үлкен кітапхана.



1997-жылға дейін кітапханаға кәсіби зерттеушілерге ғана кіруге рұқсат етілетін. Мұнда әр кездері Карл Маркс, В.И.Ленин, Махмат Ганди, Дж.Б. Шоу, Герберт Уэллс зерттеу жұмыстарымен айналысқан. 2000-жылдан бастап кітапхана есігі көпшілікке ашық.



Назарларыңызға  
рахмет!!!